

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау комитетінің "Ақтөбе обаға қарсы күрес станциясы" мен "Шымкент обаға қарсы күрес станциясы" мемлекеттік мекемелерін қайта ұйымдастыру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 28 наурыз N 366

Обаның табиғи ошақтары аумақтарында осы жұқпаның алдын алу жөніндегі іс-шаралардың тиімділігін арттыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Мыналар:

1) Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау комитетінің "Ақтөбе обаға қарсы күрес станциясы" мемлекеттік мекемесі одан Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау комитетінің "Шалқар обаға қарсы күрес станциясы" мемлекеттік мекемесін (бұдан әрі - 1 Мекеме) бөлу жолымен;

2) Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау комитетінің "Шымкент обаға қарсы күрес станциясы" мемлекеттік мекемесі одан Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау комитетінің "Жамбыл обаға қарсы күрес станциясы" мемлекеттік мекемесін (бұдан әрі - 2 Мекеме) бөлу жолымен қайта ұйымдастырылсын.

2. 1 және 2 Мекемелерді қаржыландыру Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігіне республикалық бюджетте көзделген қаражат есебінен және шегінде жүзеге асырылады деп айқындалсын.

3. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) 1 және 2 Мекемелердің жарғыларын бекітсін және олардың Әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін;

2) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

4. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2004.06.01. N 604 қаулысына .

2) күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2004.10.28. N 1117 қаулысымен.

3) күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2004.10.29. N 1125 қаулысымен

Ескерту. 4-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.06.01 N 604; 2004.10.28. N 1117; 2004.10.29 N 1125 қаулыларымен.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК